

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 қаңтар N 87. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.18. N 1031 қаулысымен.~P021031

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 U000507_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Таратылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктерін бере отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган болады деп белгіленсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

4. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 48 P000048_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 2,

20-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы (Қаржымині) ережеде:

1-тармақтың екінші абзацы "Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және оның мониторингі";

11-тармақта:

10) тармақша "қаржылық бақылау" деген сөздерден кейін ", мемлекеттік сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және оның мониторингі";

12-тармақ мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:
"15-1) мемлекеттік сатып алушың ұйымдастырылуын және жүргізуін бақылауды жүзеге асыруға;".

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 304 P990304_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 90-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 P991093_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 304 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 ақпандағы N 234 P000234_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 85-құжат).

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 20 қантардағы
N 87 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті туралы

ереже
1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу процесін салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының K951000_ Конституциясына, Z970163_ заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген нысанда бланкілері болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 126.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті".

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерін орындау түрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Комитетке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда мұндай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және оның мониторингі;
- 2) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауына бақылау жасау;
- 3) мемлекеттік сатып алу процесін реттейтін нормативтік құқықтық базаны өзірлеу.

11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және оның мониторингі;
- 2) мемлекеттік сатып алу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын өзірлеу және өз құзыреті шегінде оларды қабылдау;
- 3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік материалдарды өзірлеу және бекіту;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібіне бақылау жасауды жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша есептік жасау және ұсыну тәртібін анықтау;
- 6) мемлекеттік сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік және ұйымдық көмек көрсету;
- 7) тапсырышылар қалыптастырылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсету номенклатуrasesы мен көлеміне талдау жасау;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасын мемлекеттік сатып алу саласында қолданудың іс-тәжірибесін талдау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу;
- 9) оған заңнамамен жүктелген өзге де функциялар.

12. Комитет қойылған міндеттерді шешу және функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) тапсырыс берушілерден жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы, оның ішінде мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылған сатып алу туралы есептілік, ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;
- 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері бойынша тапсырыс берушілердің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;
- 3) мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне бақылау

жасауға;

- 4) мемлекеттік сатып алу рәсімдері бұзылған жағдайда конкурстар нәтижелерін қайта қарауға не қайтадан конкурстар өткізуге бастама жасауға;
- 5) ұсынылған есептік деректердің дұрыстығын тексеруге;
- 6) орталық және жергілікті атқарушы органдар мамандарын ақысыз

негізде, ал мемлекеттік қызметші емес мамандарды ақылы негізде сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін тартуға;

7) өз құзыреті шегінде шет мемлекеттер ұйымдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға;

7-1) өзінің құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасайды;

<*>

8) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
Ескерту. 7-1 тармақшамен толықтырылды - КР Үкіметінің 2001.04.06.

N 452 қаулысымен.

P010452_

3. Комитет мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.
14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.
15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитет қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындейтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Комитет

Төрағасының ұсынысы бойынша қызметке тағайындейтын және қызметтен

босататын екі орынбасары болады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001.06.12. N 813 қаулысымен.

P010813_

№№

17. Төраға Комитет жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды
әрі Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының
жүзеге асуы үшін жеке жауапты болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдылық бөлімшелері¹
басшыларының міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;

<*>

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындауды және
қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлеріне тәртіптік
жаза қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Комитет атынан
уәкілеттік етеді;

7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001.06.12. N 813 қаулысымен.

P010813_

№№

19. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін Төраға уәкілетті берген
орынбасарлардың бірі атқарады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001.06.12. N 813 қаулысымен.

P010813_

№№

19-1. Төраға және оның орынбасарлары өздерінің құзыреттері шегінде
әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар
қолданады.

<*>

Ескерту. 19-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.06.

№ 452 қаулысымен.

P010452_

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК